

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,  
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМНІҢ  
«БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА  
БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»  
коммуналдық мемлекеттік мекемес

140000, Павлодар қ.,  
Ак.Шокин көшесі, 27  
тел/факс (7182) 67-11-77

Коммунальное государственное учреждение  
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ШКОЛА ИМЕНИ БАУЫРЖАНА  
МОМЫШУЛЫ» ОТДЕЛА  
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ПАВЛОДАРА,  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

140000, г. Павлодар,  
ул. Ак. Чокина 27  
тел/факс (7182) 67-11-77

## **БҰЙРЫҚ**

2024 жылғы 17 мамыр

№ 1 – 03/232-1

### **Жазғы мектепті ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2024 жылғы 10 мамырдағы № 20-120-6/3159-И хаты негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023-2024 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, «Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 13 мамырдағы №2-02/232 бұйрығы және Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 16 мамырдағы № 1-03/229 бұйрығы негізінде білім алушылардың оқыту сапасын арттыру және қыс мезгілінде қатты аяз кезінде сабақтардың тоқтатылғанына байланысты оқушылардың білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ата – аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші негізінде барлық ниет білдірген білім алушылар үшін 2024 жылғы 27-31 мамыр және 26-30 тамыз аралығында 1-8, 10-сынып оқушылары үшін жазғы мектеп ұйымдастырылсын.
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.О.Майбасова және Ж.Е.Ракишева бірлесіп:
  - жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша педагогтермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;
  - жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру кезінде ҚР ОАМ әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алсын;
  - жазғы мектептің жұмыс жоспарын құру, оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылар санын реттеу, сыныптарға бөлу жұмыстарын іске асырсын;
  - бекітілген жұмыс жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес педагогтердің қызметін ұйымдастырсын;
  - жазғы мектеп жұмысының нәтижелері бойынша салыстырмалы талдау анықтамасын дайындасын;
  - жазғы мектепте оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетсін.
3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Е.Ракишева 1-4 сыныптардың, мектеп менеджері Г.А.Калишева сабақ кестесі құрып бекітсін.

4. ӘБ жетекшілері мен бірлестіктердің мұғалімдері әдістемелік бірлестіктерде пәндер бойынша ең күрделі тақырыптарды таңдауды және олардың санын талқылауды ұйымдастырсын.
5. Сынып жетекшілері:
  - жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша ата – аналар және оқушылармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;
  - білім алушылар мен ата – аналарын сабақ кестесімен таныстырсын;
  - жазғы мектепке білім алушылардың сабаққа келуін/кетуін бақылауға алсын;
  - білім алушылардың сабаққа еркін формада қатысуына жол берілсін..
6. Пән мұғалімдері:
  - ҚР ОАМ әдістемелік ұсынымдарының 2-тараудың 13,14,19,20,21,22,23,24 тармақшаларын назарға алсын;
  - білімдегі олқылықтарды ескере отырып, оқу процесін бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырсын;
  - құпиялылық режимінен шыққан PISA оқу тапсырмаларын және оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін (оқу материалын бекіту үшін) пайдалана отырып, бекітілген жоспар мен кестені ескеріп, оқу процесін жүзеге асырсын;
  - жазғы мектепте сабаққа қатысу есебін жүргізсін;
  - білім алушыларға жеке кеңес берсін;
  - өз пәнінен жазғы мектепті аяқтау қорытындысы бойынша салыстырмалы талдау дайындасын.
  - Мектеп психологтары М.М.Мукушева және С.К.Амренова білім алушыларға психологиялық қолдауды қамтамасыз етіп, білім алушылар мен олардың ата-аналары/занды өкілдері үшін консультациялар жүргізсін.
7. Медицина қызметкерлері:
  - жазғы мектеп жағдайында санитарлық-эпидемиологиялық режимді қатаң сақтауды қамтамасыз етсін;
  - жазғы мектептегі тамақтану сапасын және СанЕиН талаптарының сақталуын бақыласын;
  - қажет болған жағдайда жазғы мектеп жағдайында дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетілсін.
8. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары М.А.Алигожина жазғы мектептің сабақтары өтетін оқу кабинеттерінің уақытылы желдетілуін, тазалығын бақылауға алсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мен бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.О.Майбасова мен Ж.Е.Ракишеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  М.К.Мамбетова



Бұйрықпен таныстырылды:

1. Г.О.Майбасова
2. Ж.Е.Ракишева
3. Г.А.Калишева
4. М.А.Алигожина
5. М.М.Мукушева
6. С.К.Амренова

Бекітілді

Мектеп басшысы

М.К. Мамбетова

17 мамыр 2024 жыл

2024 жылғы 27.05 – 31.05, 26.08 – 29.08 аралығындағы кезеңде

## жазғы мектеп жұмысының жоспары

**Мақсаты:** қыс мезгілінде қатты аязды күндері сабақтар қашықтықтан өткізілуіне байланысты біліміндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру және білім сапасын арттыру.

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	<b>Әдістемелік кеңес</b> Күн тәртібінде: 1. ҚР ОҒМ 2024 жылғы 10 мамырдағы №20-120-6/3159-И хаты 2. Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру. ОҒМнің «Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру» ұсынымдары	20 сәуір	ДОДЖО: Г.О.Майбасова Ж.Е.Ракишева
2	<b>Әдістемелік бірлестік отырысы</b> Күн тәртібінде: 1.Пәндер бойынша ең күрделі тақырыптарды таңдауды және олардың санын талқылауды ұйымдастыру. 2.Жазғы мектепке ҰМЖ, ҚМЖ жоспарын қарастыру, келісу.	17 мамыр	ӘБ жетекшілері
3	Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру бойынша мектепшілік бұйрық шығару	17 мамыр	Мектеп басшысы М.К.Мамбетова
4	Жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша педагогтермен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	17 мамыр	ДОДЖО: Г.О.Майбасова Ж.Е.Ракишева
5	Жазғы мектептің жұмыс жоспарын құру және бекіту.	17 мамыр	Мектеп басшысы М.К.Мамбетова Орынбасары Г.О.Майбасова
6	Сыныптарды жинақтау, оқушылардың тізімін құру және бекіту.	20-22 мамыр	Мектеп басшысы М.К.Мамбетова ДОДЖО: Ж.Е.Ракишева Г.О.Майбасова
7	Бекітілген жұмыс жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес педагогтердің қызметін ұйымдастыру	20-24 мамыр	ДОДЖО: Г.О.Майбасова Ж.Е.Ракишева
8	Жазғы мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету	Үнемі	ДОДЖО: Г.О.Майбасова Ж.Е.Ракишева
9	Жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша ата – аналар және оқушылармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	17-20 мамыр	Сынып жетекшілері
10	Жазғы мектепке ата – аналардың немесе заңды өкілдердің өтінішін жинау.	20-24 мамыр	Сынып жетекшілері
11	Сабақ кестесі құрып бекіту	24 мамырға дейін	ДОДЖО Ж.Е.Ракишева Менеджер Г.А.Калишева

12	Білім алушылар мен ата – аналарын сабақ кестесімен таныстыру	20-23 мамыр 26-29 тамыз	Сынып жетекшілері
13	Жазғы мектепке білім алушылардың сабаққа келуін/кетуін бақылау	27-31 мамыр 26-29 тамыз	Сынып жетекшілері
14	ҚР ОАМ әдістемелік ұсынымдарының 2-тараудың 13,14,19,20,21,22,23,24 тармақшаларын назарға алу арқылы оқу процесін ұйымдастыру	27-31 мамыр 26-29 тамыз	Пән мұғалімдері
15	Білімдегі олқылықтарды ескере отырып, оқу процесін бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асыру	27-31 мамыр 26-29 тамыз	Пән мұғалімдері
16	Құпиялылық режимінен шыққан PISA оқу тапсырмаларын және оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін (оқу материалын бекіту үшін) пайдалана отырып, бекітілген жоспар мен кестені ескеріп, оқу процесін жүзеге асыр	27-31 мамыр 26-29 тамыз	Пән мұғалімдері
17	Жазғы мектепте сабаққа қатысу есебін жүргізу, білім алушыларға жеке кеңес беру, өз пәнінен жазғы мектепті аяқтау қорытындысы бойынша салыстырмалы талдау дайындау	27-31 мамыр 26-29 тамыз	Пән мұғалімдері
18	Пәндер бойынша ҰМЖ, ҚМЖ құру.	20-23 мамыр	Пән мұғалімдері
19	Пәндер бойынша ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларын бекіту.	24 мамыр	Мектеп басшысы М.К.Мамбетова
20	Білім алушыларға психологиялық қолдауды қамтамасыз етіп, білім алушылар мен олардың ата-аналары/заңды өкілдері үшін консультациялар жүргізу	27-31 мамыр	Мектеп психологтары М.М.Мукушева С.К.Амренова
21	Жазғы мектеп жағдайында санитарлық-эпидемиологиялық режимді қатаң сақтауды қамтамасыз ету,	26-29 тамыз	Медицина қызметкерлері
22	Жазғы мектептегі тамақтану сапасын және СанЕиН талаптарының сақталуын бақылау	27-31 мамыр	Медицина қызметкерлері
23	Қажет болған жағдайда жазғы мектеп жағдайында дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетілсін	Үнемі	Медицина қызметкерлері
24	Жазғы мектептің сабақтары өтетін оқу кабинеттерінің уақытылы желдетілуін, тазалығын бақылауға алсын	Үнемі	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары М.А.Алигожина
25	Жазғы мектеп жұмыс жоспарын мектептің ресми сайтында, Facebook, Instagram парақшаларына жариялау	25 мамырға дейін	Д.Е.Айгужинов
26	Жазғы мектеп сабақтарынан үзінділерді мектептің ресми сайтында, Facebook, Instagram парақшаларына жариялау	Үнемі	Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері
27	Жазғы мектеп жұмысының нәтижелері бойынша салыстырмалы талдау анықтамасын дайындау	Тамыз 2024 жыл	Пед.кеңес ДОДЖО: Г.О.Майбасова Ж.Е.Ракишева